

**2021-2022 оқу жылы жаратылыстану бағыты
әдістемелік бірлестігі отырысының
№ 1 хаттамасы**

2020жыл. 31 тамыз

Атбасар қаласы

Қатысқаны: 4

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылына есеп беру.
2. 2021-2022 оқу жылының жоспарын бекіту.
3. Тақырыптық – күнтізбелік, элективті курс, үйірме жоспарларын бекіту.
4. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын талқылау.
5. БЖБ, ТЖБ-нің дайындық жоспары мен мерзімін құру.

1 сұрақ бойынша 2020-2021 оқу жылының қорытындысын бірлестік жетекшісі Немеренко З.Б. айтып кетті. Өткен оқу жылының қорытындысы диаграмма, кесте түрінде көрсетілді. Ұстаздардың жетістіктері мен атқарылған жұмыстары жан-жақты талқыланып, есеп берілді. Өткізілген ашық сабақтар мен семинарлар талқыланды. ҰБТ қорытындысы әр пән бойынша айтылды.

2 сұрақ бойынша жаңа 2021-2022 оқу жылына жылдық жоспар құрылып, қорытынды. Жаңа оқу жылында өткізілетін жоспар құрылып, бірлестік мүшелері баяндамалар мен ашық сабақтары мен сыныптан тыс іс-шараларының тақырыптарын берді.

3 сұрақ бойынша әдістемелік бірлестік мүшелерінің пәндік күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары қаралып, бекітілді. Сонымен қатар элективті курс пен үйірме жоспарлары да қаралып, тамыз айының 31 жұлдызымен бекітілді.

4 сұрақ бойынша бірлестік мүшесіндегі әр пән мұғалімдері оқу жылының алғашқы күнінен дарынды оқушылар мен үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарын қадағалап, жоспар құруда. Аудандық пән олимпиадаларына, марафондар мен ғылыми жобаға қатысатын оқушылар іріктеліп алынып, жоба тақырыбын таңдап, дайындықты бастау керектігі талқыланды.

5 Әр пән мұғалімі жаңа оқу жылына БЖБ, ТЖБ жоспарлап, бекітілу талаптары айтылды.

Қаулы:

1. ӨБ жетекшісінің өткен оқу жылдық қорытынды есебі жақсы бағаланды. Өткен оқу жылында белсенділік көрсеткен ұстаздар жеке аталып өтті. Жас маманға бірлестік мүшелері қолдау көрсетіп отыратын болады. Жетекші ретінде Немеренко З.Б. мектеп бұйрығымен тағайындалды.

2. Жаңа оқу жылының күнтізбелік жоспарлары бірлестікте тамыз айының 31 жұлдызымен бекітілсін. Аптасына екі рет оқылатын пәндердің жазба жұмыстары (дәптерлері) аптасына бір рет тексеріліп, бағалары журналға уақтылы қойылсын. Аптасына бір рет оқылатын пәндердің жазба жұмыстары (дәптерлері) екі аптада бір рет тексеріліп, бағалары журналдарға уақтылы қойылсын. Оқушылар пәндерге және сыныпқа байланысты қауіпсіздік техника ережелерімен таныстырылып, журналдарға қолдары қойылып алынсын. Зертханалық, сарамандық, бақылау жұмыстарына жеке дәптерлер басталып, қабы бірдей толтырылып, уақытында орындалып, бағалары журналға уақытында қойылсын.
3. Әдістемелік бірлестік ұстаздары бірлесіп жұмыс жүргізіп, бірлестік жұмысының нәтижелерін көрсете білуге белсенді қатысуға ұсыныс берілді.

Төрайым:



ӘБ жетекшісі Немеренко З.Б.

№ 2 Хаттама

2021 жыл 30 желтоқсан

Қатысқандар – 5 мұғалім

Күн тәртібі:

1. Баяндама: "Химия сабағында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту" Нажикенова Ж.Б.
2. БЖБ,ТЖБ-нің кестесінің құру, ретін талқылау.
3. Мектепшілік, аудандық, қашықтықта өтілетін пән олимпиадаларына, сайыстарына қатысуға белсенділік көрсету (кеңесу).
4. ӘБ мұғалімдерінің курстарға қатысу, семинарларға, тәжірибе алмасулары туралы кеңесу

Бірінші сұрақ бойынша химия пәнінің мұғалімі Нажикенова Ж.Б. "Химия сабағында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту" туралы оқыды. Өз сөзінде баяндаманың мазмұнымен және ғылыми сын тұрғысынан оқыту қолдану қорытындысты.

Екінші сұрақ бойынша тарих мұғалімі Немеренко З.Б. сөз сөйледі, өз сөзінде тарих сабағында инновациондық әдістемесін қолдауын, БЖБ,ТЖБкесте жоспар бойынша жүргізу туралы ескертті.

Үшінші сұрақ бойынша: әр мұғалім мектепшілік, аудандық, қашықтықта өтілетін пән олимпиадаларына, сайыстарына қатысуға белсенділік көрсету туралы сөйледі.

4. Төртінші сұрақ бойынша ӘБ мұғалімдер курстарға қатысу, семинарларға, тәжірибе алмасулары туралы кеңесіп сөйледі.

Шешілді:

1. Биология, география, химия тарих сабақта сын тұрғысынан оқыту технология элементерін қолдану.
2. Тәжірибе ауыстыру мақсатында сабақтарға қатысу.
3. Олимпиада кестесіне сәйкесі, ҰБТ дайындығына қосымша сабақтарды өткізіу жалғастыру.
4. ӘБ мұғалімдер курстарға , семинарларға, қатысу

Хатшы:



ӘБ жетекшісі Немеренко З.Б.

2021-2022 оқу жылы жаратылыстану бағыты
әдістемелік бірлестігі отырысының
№ 3 хаттамасы

2021 жыл. 18 .02

Атбасар қаласы

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны: жок

Күн тәртібінде:

1. Баяндама: « 9 сыныпта *тарих* пәнін оқытудағы проблемалар мен қиындықтар. » Немеренко З.Б.
2. Онкүндік апталық жоспарының қорытындысы. Модерация.
3. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізіліп отырылатын жұмыстарды қадағалау, қиындықтарды жою жолдарын қарастыру.
4. Қала мектептерінің ұстаздарымен тәжірибе алмасу.
 - 1 сұрақ бойынша бірлестік жетекшісі Немеренко З.Б. «Тарих сабағында жаңаша оқыту әдіс-тәсілдерін пайдалану». баяндама оқыды.
 - 2 сұрақ бойынша тарих, химия, биология, география сабақтарының модерацияны өткізіп, ұсыныстарды пән мұғалімдері алды. Онкүндік жоспар бойынша барлық іс/шаралар жоғары деңгейде өтті, 100% орындалдыю
 - 3 сұрақ бойынша бірлестік мүшесіндегі әр пән мұғалімдері оқу жылының алғашқы күнінен дарынды оқушылар мен үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарын қадағалап, қиындылықтар туралы сөйледі.
 - 4 сұрақ бойынша бірлестік мүшесіндегі әр пән мұғалімдері қала мектептерінің ұстаздарымен тәжірибе алмасу туралы сөйледі.

Шешілді:

1. Модерацияны жоспар бойынша өткізу.
2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізіліп отырылатын жұмыстарды қадағалау, қиындықтарды жою жолдарын жалғастыру
3. Тәжербие ауыстыру мақсатында сабақтарға қатысу.

Хатшы:



ӘБ жетекшісі Немеренко З.Б.

**2021-2022 оқу жылы жаратылыстану бағыты
әдістемелік бірлестігі отырысының
№ 4 хаттамасы**

2022 жыл. 26 мамыр

Атбасар қаласы
Қатысқаны: 5
Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Емтиханға дайындық.
2. ҰБТ-ға дайындықты талқылау.
3. ӘБ-тің жылдық жұмысын қорытындылау.
4. Жаңа оқу жылына жоспар құру.

Бірінші сұрақ бойынша ӘБ жетекшісі Немеренко З.Б. мемлекеттік қорытынды аттестациялау жүру процесі туралы айтылды. Қосымша сабақтары бекітілген жоспар бойынша жүргізу туралы ескертті.

Екінші сұрақ бойынша тарих мұғалімі Немеренко З.Б. сөз сөйледі, өз сөзінде тарих сабағында инновациондық әдістемесін қолдауын, ҰБТ-ға дайындық жоспар бойынша жүргізу туралы ескертті. География мұғалімі Бағдат М. және тарих мұғалімі Немеренко З. Б. өзінің сабағында әдістемелік оқытуын қолдауын және ҰБТ – ға дайындығына оқушыларға қосымша сабақ өткізу туралы және жоспарға сәйкес орындап өткізеді.

Үшінші және төртінші сұрақтар бойынша ӘБ-тің жылдық жұмысын қорытындылады және жаңа оқу жылына жоспар құрылды.

Шешілді:

5. Биология, география, химия, тарих сабақта сын тұрғысына оқыту технология элементерін қолдану.
6. Тәжербие ауыстыру мақсатында сабақтарға қатысу.
7. Олимпиада кестесіне сәйкесі, ҰБТ дайындығына қосымша сабақтарды өткізу жалғастыру.
8. ӘБ мұғалімдер курстарға , семинарларға, қатысу